БЕКІТЕМІН
Шығыс Қазақстан облысы
«Самар ауданы әкімінің аппаратаы» ММ
басшысының м.а.
_____М. Байжуменов
2026 жылғы «10» 09

Шығыс Қазақстан облысы «Самар ауданы әкімінің аппараты» ММ қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі 2026 жылға

ЖОСПАР

№	Тәуекел көрсеткіші/ сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы	Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1.	**Құқықтық актілердегі және ішкі құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері**				
1.1	1.1. **Шешімді қайта қарау рәсімдері мен ерекшеліктерінің реттелмеуі** (одан ауытқуларды реттеу болмаған кезде жалпы тәртіпті регламенттеу) бағытында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары: *1) шешімді тоқтата тұру, қайтару, қайта қарау және қайта қарау негіздері мен тәртібінің болмауы;* *2) бұрын қабылданған шешімнің күшін жоюдың негіздері мен тәртібінің болмауы, оның ішінде ұсынылған мәліметтердің анық еместігі анықталған кезде.*				
1.1.1	ЖАО шешімін ауданның жер комиссиясының оң қорытындысы негізінде қабылдаған кезде аудан әкімінің комиссия қорытындысын пысықтауға немесе қайта қарауға қайтару мүмкіндігі жоқ, өйткені ол Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 43-бабына сәйкес құрамына мемлекеттік органдардың өкілдерінен басқа қоғамдық кеңестердің және басқа да мемлекеттік емес ұйымдардың өкілдері кіретін алқалы органның шешімі, аудан әкімінің мұндай өкілеттіктері заңнамада қарастырылмаған. Сонымен қатар, әкімшілік соттардың тәжірибесінде жер комиссиясының шешімдеріне шағымдану кезінде аудан әкімі әкімшілік шағымдар бойынша жауапкер болып табылады, ол өз кезегінде даулы әкімшілік рәсім бойынша лауазымды тұлға ретінде қандай да бір әкімшілік әрекеттерді жүзеге асырмайды.	Ауданның ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің, аппараттың заң бөлімінің басшылары уәкілетті органға мәліметтердің дұрыс еместігі анықталған кезде жер комиссиясының шешімін тоқтата тұрудың, қайтарудың, қайта қараудың, сондай-ақ қабылданған шешімнің күшін жою негіздері мен тәртібін айқындау туралы жер қатынастары саласындағы қолданыстағы заңнамаға толықтырулар енгізу туралы ұсыныстарды жолдауды қамтамасыз етсін.	Хат	Бөлім басшысы Алкенов К.К.	10.12.2026
2.	**Ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері**				
2.1.	2.1. **Персоналды басқару** бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:				

	жекелеген қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін нақты орындағанын растаудың болмауы.				
2.1.1	Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 111-бабына және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабына сәйкес, уақытша болмаған қызметкердің/мемлекеттік қызметшінің міндеттері өзінің негізгі жұмысынан босатылмай, басқа қызметкерге/мемлекеттік қызметшіге уақытша жүктелуі мүмкін, ол үшін қосымша ақы төленеді. Мемлекеттік органдардың бос лауазымдарының лауазымдық міндеттерін орындауды қызметкерлерге (мемлекеттік қызметшілер мен қызметшілерге) лауазымдық міндеттерінің нақты орындалуын одан әрі бақылаусыз жүктеу жалған жұмысқа орналасу мен жалақы есептеудің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудырады.	Самар ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару бөлімінің басшысы аудан әкімдігінің мемлекеттік органдары қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын өзектендіруді және сәйкестендіруді, басқа қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін орындау уақытша жүктелетін қызметкерлердің еңбек қызметін жүзеге асыруын бақылауды қамтамасыз етсін, дербес бөлімдердің басшыларына және ауылдық округ әкімдеріне тиісті хаттар жіберсін.	Хат	Бөлім басшысы Баймуратова М.Т.	10.12.2026
2.2.	**Мемлекеттік қызмет көрсету** бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары: *мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде пайдаланылатын, белгіленген тәртіптің бұзылуына әкеп соғатын цифрлық жүйелердің тиісінше жұмыс істемеуі.*				
2.2.1.	ЖМБМК (жылжымайтын мүлік тіркеуінің бірыңғай мемлекеттік кадастры) жүйесінде мемлекеттік қызмет көрсету арқылы жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту жер заңнамасымен реттеледі. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы №301 бұйрығымен бекітілген «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес мемлекеттік қызмет бойынша шешім қабылдау мерзімі учаскенің орналасқан жеріне байланысты 16 жұмыс күніне дейін құрайды. Соған қарамастан, іс жүзінде ЖМБМК жүйесінде техникалық іркілістер кездеседі: кадастрлық нөмірді тарту кезіндегі қателер, техникалық қолдауға немесе ХҚКО-на жүгінуді талап ететін жылжымайтын мүлік және жер кадастры дерекқорларының	Самар ауданының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы жер қатынастары саласында мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша ЖМБМК (жылжымайтын мүлік тіркеуінің бірыңғай мемлекеттік кадастры) жүйесінде толыққанды жұмысты қамтамасыз етсін, уәкілетті органға хат жолдасын және ақпараттық жүйені әзірлеушілермен осы мәселені қызмет көрсетудің нормативтік уақытының есептегішін автоматты түрде тоқтататын (қатыратын) алгоритмді жүйеге енгізу жолымен пысықтасын жүйелік қате пайда болған кезде (мысалы, егер мәліметтер базасы белгілі бір уақыт ішінде сұрауға жауап бермесе). Бұл Орындаушыны кешіктірілген жазадан қорқудан құтқарады. Бұдан басқа, автоматты хабарламалардың басымдығын көздеу қажет: Егер жүйе істен	Хат	Бөлім басшысы Алкенов К.К.	10.12.2026

	дұрыс интеграцияланбауы. Осыған байланысты, мемлекеттік қызметті көрсетудің белгіленген мерзімдері бұзылуы мүмкін, бұл орындаушы мен көрсетілетін қызметті алушының адами фактордың (мерзімдерді бұзғаны үшін жазаны болдырмау) әсерінен тікелей (реттелмеген) өзара іс-қимылының сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудырады.	шыққан болса, көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне және телефонына автоматты түрде жүйелік хабарлама келуі тиіс: «деректер базасын интеграциялаудың техникалық іркілісіне байланысты Сіздің өтінішіңізді өңдеу уақытша тоқтатылды. Мерзімі [күні] дейін ұзартылды. № XX техникалық қолдауға өтінім автоматты түрде жіберілді». Бұл жеке байланыс қажеттілігін жояды.			